

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 шілдедегі № 132 "Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 14 ақпандығы № 36 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Зандарына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 шілдедегі № 132 "Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындаитын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшелік ететін орынбасары К.Е.Мендигалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Төрегалиев

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің

2025 жылғы "___" ____ № "___"

қаулысына қосымша

2022 жылғы 08 шілдедегі № 132

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысымен бекітілген

**"Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы"
мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) Батыс Қазақстан облысында

мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясатын жүргізу, архив ісі қызметі салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. Басқарманың мынадай ведомстволары бар:

- 1) "Батыс Қазақстан облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық орталық әмбебап ғылыми кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Батыс Қазақстан облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Хамза Есенжанов атындағы Батыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Батыс Қазақстан облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Батыс Қазақстан облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-мәдени мұраларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 5) "Батыс Қазақстан облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 6) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының облыстық халық шығармашылығы орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 7) Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Жайық қалашығы" тарихи-мәдени музей-қорығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 8) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қадыр Мырзалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет және өнер орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 9) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Батыс Қазақстан облыстық камералық оркестрі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 10) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының F.Кұрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 11) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Хадиша Бекеева атындағы облыстық қазақ драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

12) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының А.Н.Островский атындағы драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

13) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

14) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Хан ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық - этнографиялық музей-қорығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Х.Чурин көшесі, 116.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі

2. Басқарманың міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

- 1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану;
- 2) қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасау, мемлекеттік тіл саясатын тиімді жүзеге асыру, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында тұратын халықтар тілдерін дамыту;
- 3) архив ісі және құжаттама жасау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

14. Өкілеттіктері:

- 1) құқықтары:

Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға;

мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар еткізуге;

Қазақстандағы тілдік әралуандықты сақтауға;

облыс әкімдігіне мемлекеттік қызметтер көрсету процесін, архив ісі және құжат жасауды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

облыс аумағында Ұлттық архив қоры құрамына жатқызылған және жеке архивтерде сақталатын құжаттардың сақталуын бақылауға құқылы.

2) міндеттері:

занды және негізделген шешімдер қабылдау;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру;

жеке занды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарау, олардың орындалуын бақылау, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен оларға жауаптар беру;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бағалау жүргізу үшін мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтің көрсетілу сапасына бақылау жүргізу жөніндегі уәкілетті органға, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға тиісті ақпарат беру;

мемлекеттік қызметтер стандарттарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;

мәдениет, тіл және архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін қайта түлетуге, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған шаралар қабылдау;

ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарына баулу арқылы азаматтарды отаншылдыққа және эстетикалық тәрбиелеуге жағдайлар жасау;

мәдени құндылықтарға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету;

халыққа мәдени қызмет етудің мемлекеттік ең төменгі стандарттарын белгілеу;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етуге және материалдық-техникалық базасын нығайту;

дарынды тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету;

мәдениет саласында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қүштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық-тектік және рулық астамшылыққа, сондай-ақ қатыгездікке және зорлық-зомбылыққа табынуды насиҳаттауға немесе үгіттеуге жол бермеу жөнінде шаралар қолдану;

мәдени құндылықтардың заңсыз әкетілуіне және әкелуіне, оған меншік иесі құқығының басқаға заңсыз берілуіне тосқауыл қою, оларды кез келген заңсыз иеленуден қайтарып алуға шаралар қолдану;

мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін жағдайлар жасау;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың ұлттық- мәдени бірлестіктерге қатысу еркіндігін, мәдениет ұйымдарын құру, шетелдердегі отандастармен мәдени байланыстарды кеңейтуге қатысады қоса алғанда, ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелігін қорғау және дамыту құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету;

мәдениет саласындағы ғылыми және білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды қолдау;

Қазақстан халқының ұлттық мәдени игілігі мен мәдени мұрасын қорғауға және дамытуға, Қазақстан Республикасының бірыңғай мәдени кеңістігін нығайтуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ іс-шараларды қолдау;

мемлекеттік тілді қолдану мәртебесін арттыру;

мемлекеттік тілге сұранысты арттыру;

қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу;

ағылшын және басқа да шет тілдерін оқытып-үйрету;

Қазақстан Республикасының ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, толықтыруды, есепке алуды және пайдалануды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

15. Функциялары:

1) мәдениет, тілдерді дамыту, архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) театр, музыка және кино өнері, мәдени-демалыс қызметі, кітапхана және музей ісі саласында облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату туралы облыс әкімдігі қаулысының жобаларын әзірлейді;

3) театр, музыка және кино өнерін, мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығын, кітапхана және музей ісін дамыту бойынша облыстың мемлекеттік

мәдениет ұйымдарының қызметін қолдайды және үйлестіреді, облыстың мәдениет саласындағы тиісті мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді;

4) шығармашылық қызметтің түрлі салаларында облыстық (өнірлік) байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуді ұйымдастырады;

5) уәкілетті органмен келісім бойынша шығармашылық қызметтің түрлі салаларында республикалық конкурстар мен фестивальдер өткізуді ұйымдастырады;

6) өнірлік көркемдік кеңес құру және ол туралы ережені бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

7) облыстың мәдени құндылықтарын есепке алу, қорғау, консервациялау және реставрациялау, сондай-ақ пайдалану және елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясын құру және ол туралы ережені бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

9) тиісті аумақта орналасқан мәдениет ұйымдарының қызметіне мониторингті жүзеге асырады және уәкілетті органға ақпарат, сондай-ақ белгіленген нысанда статистикалық есептер береді;

10) облыстық деңгейде сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді жүзеге асырады;

11) облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

11-1) облыстық деңгейде сала қызметкерлерін мемлекеттік, ведомствоның наградаға ұсыну және құжаттарын дайындау;

12) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

13) облыстың мәдени мақсаттағы объектілерін салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

14) тарихи-мәдени мұраны сактау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен салттардың дамуына ықпал етеді;

15) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына қуәлік береді;

16) облыстың мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін беру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

17) талантты жастарды және перспективалы шығармашылық ұжымдарды іздестіруге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

18) мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуді жүзеге асырады ;

19) ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимінің сақталуын қамтамасыз етеді;

20) бюджет қаражаты көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйрмелерді қаржыландыруға мемлекеттік шығармашылық тапсырысты бекітеді;

21) мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді;

22) электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді ;

23) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, сактауды, зерделеуді, пайдалануды және олардың жай-күйін мониторингтеуді қамтамасыз етеді;

24) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізуі қамтамасыз етеді;

25) тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, сактауды, зерделеуді, оларға ғылыми-реставрациялық жұмыстарды және археологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздейді;

26) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды және (немесе) археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялауды келіседі;

27) уәкілетті органмен келісу бойынша қала құрылышы жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сактау жөніндегі іс-шараларды орындауды, тиісті жергілікті жердің тарихи-сәulet тірек жоспарларын және карта-схемаларын жасауды қамтамасыз етеді;

28) тиісті елді мекендердің бас жоспарларына тарихи-сәulet тірек жоспарларын енгізу жөніндегі жұмысты жүргізеді;

29) қорғау міндеттемелерін ресімдейді және береді, тарих және мәдениет ескерткішінің меншік иелері мен пайдаланушыларының оларды орындауды бақылайды ;

30) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияларды құру және ол туралы ережені бекіту туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

31) монументтік өнер құрылыштарын орнату жөніндегі жұмысты жүргізеді;

32) мемориалдық тақталарды орнату жөніндегі жұмысты жүргізеді;

33) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жоспарланатын ғылыми-реставрациялық жұмыстардың ғылыми-жобалау құжаттамасын қарайды және келіседі;

34) уәкілетті органмен келісу бойынша тарихи-мәдени мұра объектілерін тарихи-мәдени сараптама қорытындысы негізінде жергілікті маңызы бар тарих және

мәдениет ескерткіштері деп таниды және оларды жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне қосады;

35) уәкілетті органмен келісу бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін тарихи-мәдени сараптама қорытындысы негізінде мәртебесінен айырады және оны жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен алып тастайды;

36) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы өтініш жасайды;

37) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен әкімшілік ықпал етудің шараларын қолданады;

38) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады;

39) бағыныстағы коммуналдық заңды тұлғалар мүлкінің пайдалануына және сақталуына бақылау жасайды;

40) ведомстволық бағынысты коммуналдық кәсіпорындардың даму жоспарларын келіседі, орындалуын бақылайды және талдайды, іске асырылуын мониторингілейді және бағалайды;

41) ведомстволық бағынысты коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін есептен шығаруға келісім береді.

42) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

43) деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

44) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар береді, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

45) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асырады;

45-1) азаматтарды тіл қағидаты бойынша кемсітушілікке жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

46) ұлттық-мәдени бірлестіктердің ана тілдерін дамыту мәселесі бойынша қызметтерін үйлестіреді;

47) Батыс Қазақстан облысында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарына мемлекеттік тілді оқытууды ұйымдастырады;

48) Қазақстан Республикасы азаматтарының ағылшын тілін менгеруі үшін жағдай жасайды;

49) облыстық ономастика комиссиясының қызметін қамтамасыз етеді;

50) облыс аумағында архив ісі және құжат жасауда бірынғай мемлекеттік саясатты іске асырады;

51) облыстың мемлекеттік архивтерінің сақтауына қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, толықтыруды және пайдалануды ұйымдастырады;

52) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алууды жүргізеді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

53) коммуналдық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштердің қорғалуын, олардың сақталуы мен пайдаланылуын ұйымдастырады;

54) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

55) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша деректер қорын қалыптастыруын үйлестіреді;

56) облыстың аумағында орналасқан Ұлттық архив қорын толықтыру көздері болып табылатын ұйымдарда іс жүргізудің жай-күйіне, құжаттардың сақталуына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты және бақылауды жүзеге асырады;

57) Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттің, жеке және занды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдаланады;

58) сараптау-тексеру комиссиясы туралы ережені облыс әкімдігіне бекітуге енгізеді;

59) облыстың тарихы бойынша архивтік құжаттарды жинауды және кері қайтаруды жүзеге асырады;

60) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заннамасымен облыстың жергілікті атқарушы органдарына жүктелетін өкілеттіктерді жүзеге асырады.

61) жобалық басқаруды жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізеді.

3-тaraу. Басқарманың бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына есеп береді;
 - 2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;
 - 3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;
 - 4) бөлім басшыларының міндеттерін анықтайды;
 - 5) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;
 - 6) Басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;
 - 7) өз құзыреті шегінде бүйіректар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік және қаржы құжаттамасына қол қояды;
 - 8) бөлімдердің ережелерін бекітеді;
 - 9) шарттар жасасады;
 - 10) сенімхаттар береді;
 - 11) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда сенімхатсыз Басқарманың мүддесін білдіреді;
 - 12) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;
 - 13) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;
 - 14) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындейды;
 - 15) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;
 - 16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;
 - 17) гендерлік тенденциялардың жүзеге асырады;
 - 18) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді.
 - 19) Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.
20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындейды.

4. Басқарманың мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК